

Ақмола облысы Әділет департаментінде 2004 жылғы 27 наурызда N 2381 тіркелген Ақмола облысы әкімінің 2004 жылғы 17 наурыздағы "Сотталғандардың жалпы орта білім алу құқығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" N 19 шешіміне қосымшалар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 34 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 01 шілдеде N 2662 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімінің 2013 жылғы 22 сәуірдегі № 11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімінің 22.04.2013 № 11 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес
о б л ы с ә к і м і Ш Е Ш Т І :

1. Ақмола облысы әкімінің 2004 жылғы 17 наурыздағы "Сотталғандарды жалпы орта білім алу құқығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы"»N 19 (N 2381) шешіміне мына қосымшалар енгізілсін:

2 тармақта "Атбасар"»деген сөзден кейін "Аршалы"»деген сөз қосылсын;
тармақша мына мазмұнда толықтырылсын:

«"5) ЕЦ-166/5 Мекемесінің N 5 жалпы білім беретін кешкі (ауысымдық) орта мектеп мемлекеттік мекемесі Аршалы аудандық оқу бөлімі";

5 және 6 тармақтарда "Атбасар" деген сөзден кейін "Аршалы"»деген сөз қ о с ы л с ы н .

2. Осы шешім Ақмола облысы Әділет Департаментінде тіркелген соң күшіне енеді.

Облыс әкімі